

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 4 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BFRH7055>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YEXZ7466>***М. Ж. Ақышева¹, Д. М. Боранкулова²**

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БЕЙНЕ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттары – жан-жақты, шығармашылық қабілетті, танымдық қызығушылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқушылардың өз бетінше ойлау қабілетін дамыту қажет. Таным үдерісіне деген қызығушылық оқушының бойында кез-келген сабаққа шабыт пен шығармашылық белсенділік қабілетін оята алады. Танымдық белсенділікті ынталандыратын, пәнге қызығушылығын күшейтетін және білім сапасын арттыруға ықпал ететін білім беру әдістеріне, құралдары мен формаларына ерекше назар аудару маңызды.

Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні зор. Сондықтан білім беру формалары мен әдістеріне деген көзқарас өзгере бастады. Оқытуды ақпараттандыру мен оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде маңызды болып табылатын мәселелердің біріне айналуда. Бүгінгі таңда қоғам үшін бастамашыл, шығармашыл, шешім қабылдауда батыл адамдарды тәрбиелеу өте маңызды. Жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту қажет. Егер де осы аталғандарды оқушылар бойында жеткілікті деңгейде дамыта алсақ, олар өз бетінше жаңа білімдерді, дағдыларды табысты меңгеруді, қажетті ақпаратты игеру үдерісін дербес ұйымдастыра алады.

Кілтті сөздер: Танымдық қызығушылық, таным процесі, қоғамның ақпараттық сипаты, оқытуды ақпараттандыру, бастамашыл, дербес ұйымдастыру.

Кіріспе

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру [1].

Оқушыларға эмоционалды түрде әсер ететін бейне жазбаларды көрсету – оларды оқыту мен тәрбиелеу барысында оқушының танымдық қабілеттерін дамытуға, білім мен дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Күнделікті сабақта қолданылатын бейне материалдарды 3 топқа бөліп қарастыра аламыз:

Бейнефильмдер – тұтас бейне материал. Оның маңызды дидактикалық функциясы - жаңа білімді жеткізу және оны мұғалімнің сөзін иллюстрациялап, көрнекіліктермен түсіндіргенін растап орындайды. Кейбір фильмдер дербес білім көзі бола алады. Әсіресе географиялық немесе экономикалық-географиялық нысандар туралы ғалымдардың фильмдері. Оларда көптеген нақты материалдар бар.

Бейнеүзінділер – әр түрлі танымдық бейнелерден тұратын бейнеклиптер. Оларда 5 минутқа дейінгі демонстрациясы бар болуы тиіс. Бұл фрагменттер емес, аяқталған шағын фильмдер. Олардың әрқайсысы бағдарламаның бір мәселесіне арналған. Бейне фрагменттері түсінікті, материалды ашуда жанама ойларды қамтымайды. Олар сабаққа оңай енгізіледі, білім көзі ретінде немесе мұғалімнің сөзіне иллюстрация бола алады.

Телехабарлар – телевизияның тиімділігі жоғары болғандықтан, география сабағында телебағдарламаларды қолдану мектеп оқушыларын сирек кездесетін табиғат құбылыстарының, тарихи оқиғалардың, жаңа географиялық объектінің қалыптасуына куә болады. Теледидар экранында болып жатқан оқиғаны оқушы дәл қазір болып жатқан жағдай ретінде қабылдайды. Нәтижесінде «қатысудың әсері» пайда болып, көрермен экранда болып жатқан оқиғаның қатысушысына айналады. Осының арқасында тасымалдау материалына қызығушылық артады [2].

Оқушылардың танымдық қызығушылығының негізі – олардың әлем туралы жаңа білімдері болып табылады. Бұл жұмысты жүйелі ұйымдастыру мектеп оқушыларының оқу үрдісі барысында берік білімге жете алуына мүмкіндік береді. Л. С. Выготский танымдық қызығушылық кез-келген оқушының жеке басын жан-жақты дамытудың негізі деп айтқан. Бұл ұғымды «әрбір оқушының өміріндегі әлемдік маңызы» бар деп түсіндіреді. Қалыптастыру мен дамытуға бағытталған танымдық тапсырмалар оқушылардың бойында сұрақ қоя білу, қоршаған әлемді

сезіну, эксперименттер жүргізу, құбылыстардың себептерін анықтай алу дағдыларын қалыптастырады [3].


Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Жеке тұлғаның мақсат қою мотиві мен қозғаушы күші ретінде оқушының қалыптасуына, оның сабаққа деген танымдық қызығушылығын оята білу арқылы жаңа материалды тиімді түрде игертуге болады. Осы орайда мұғалімнің негізгі міндеті – табиғат құбылыстары мен физикалық объектілерінің ең оңтайлысын таңдай білу. Заман талабына сай интернет (ғаламтор) сайттарда әлемнің әр түрлі бөліктерінде түсірілген әдемі сюжеттерді кездестіре аламыз, алайда тақырыпты толық мазмұнын дәл сипаттай алатын тұстарын саралап алуды да ұмытпауымыз қажет [4].

Бейнефильмдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыруға, тақырыпты жақсы меңгеруге көмектеседі. География сабағында нақты тақырыпқа байланысты фильмдерден үзінділер жасау мұғалім үшін көп күш пен уақытты талап етеді, алайда сапалы жасалған үзінділер оқу нәтижелеріне қол жеткізуді айтарлықтай жеңілдетеді. Себебі оқушыларға табиғаттың барлық құрамбөліктерін, яғни: үдерістер мен құбылыстардың физикалық пайда болу себептерін, табиғи аймақтардың ерекшеліктерін, аумақтың өсімдіктер мен жануарларын көрсету барысында ең тиімді әдіс болып саналады [5].

География сабақтарында бейнефильмдерді қолдану әдістемесін құру арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін келесі тұжырымдамалар ұсынылады: географиялық табиғат құбылыстарын сипаттайтын фильмдердің фрагменттерін таңдап алу; сабақта қолдану үшін фильмдердің үзінділеріне сұрақтар құрастыру; жұмыс тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттерді оқу; сабақ тақырыбына қатысты көркем фильмдердің тізімін анықтау; отандық және шетелдік кино индустрия саласына зерттеулер мен жүйелеу жасау және т.б. Нақты тақырыпқа қатысты сәтті таңдалған бейнефильмнен үзінді оқушыға сыныптан шықпай-ақ теңіз дыбысын, жанартаудың атқылауын, құстардың әндерін, орман дыбыстары немесе тіпті өндірістік үдерістерді елестетуге көмектеседі [6].


Нақты мысалдар келтіретін болсақ, 8 сыныпқа арналған география оқулығында «Елтану және саяси география негіздері» бөлімінде «Дүниежүзінің саяси картасы» тақырыбына мына сілтемеде (<https://www.youtube.com/watch?v=0wJoTeeJUcY>) берілген видеоматериалды оқушыларға жаңа сабақты түсіндіру барысында қолдануға болады.



Сурет 1 – Бейнеүзінді

Оқушылар бейнематериалмен танысып болғаннан кейін, видео барысында кездескен жаңа ақпараттармен «сабақты бекіту» кезеңінде тест тапсырмаларымен жұмыс жасай алады. Сілтеме төменде берілген.

<https://wordwall.net/ru/resource/22976847/%d1%82%d0%b5%d1%81%d1%82>



Сурет 2 – Бекітуге арналған тест (авторлық құрастыру)

«Бірнеше рет естігенше, бір рет көрген артық» деп халық даналығы айтқандай, оқушыларға мұғалімнің өзге елдің табиғатын ауызша сипаттағаннан қазіргі заман талабына сай видеолар арқылы көрсету тиімді.

Нәтиже мен талқылаулар

Бейне материалдарды қолданудың екі көзқарас (аспект) бар, олар: техникалық және әдістемелік. Әдістемелік сипатта: 1) бейне материалды қолдануға дайындық; 2) сабақта бейне материалмен жұмыс; 3) бейне материалдарды көргеннен кейін жұмыс жасау. Ал техникалық сипатта: географиялық-мультимедиялық кабинет. Кабинет арнайы құрал-

саймандармен жабдықталуы тиіс (электрондық оқулық, электрондық тақта, камера 360, гугл мапс және т.б.) [7].

Күнделікті сабақта жаңа технологияның әр түрлі әдістерін қолдану оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығының артуына әкеледі. Оған дәлел ретінде төмендегілерді атап өтсек болады:

– Бейне материалды қарау кезінде оқушылар жаңа ақпараттармен танысады (жаңа сөздер, жануарлар мен өсімдіктер, географиялық объектілер және т.б.);

– Қаралған бейне жазба бойынша сұрақтар мен жауаптары бар жазбалар құрастыру қажет;


– Оқушылар жаңа ақпаратпен танысып болған соң, оны жергілікті жермен, өмірмен байланыстыра алуын қадағалау;

– Бейне ақпарат елдер мен құрлықтар туралы қызықты фактілер бөлімін құруға қатысады;

– Бейне дәрістер бойынша жазбалар жазуға, өз ойларын түсіндіруге болады [8]. Бұл жұмыс әдісін қолдана отырып оқыту, шағын мотивацияланған топтар немесе жеке жаттығулар үшін тиімді және олар оқушылар бойында ұзақ жылдар бойы сақталады.

Бейнематериалдарды сабақта қолданудың әр түрлі әдістері бар. Әдістер жаңа материалды зерттеу кезеңінде, өткен тақырыпта қайталау мақсатында, жаңа алған білімді жүйелеу үшін қолданылады [9]. География сабағында қолданылатын бейне материалдарға нелерді жатқызуға болады? Олар: бейнефильмдер, бейнеүзінділер, телехабарлар, видеороликтер, жаңа ақпараттық технологиялар (*MindMeister, Google images, Google Maps, Thinglink, Google Earth, Quizlet.com, Xmind, PascalABC және т.б.*) жатады. Мысалы, MindMeister – миға шабуыл мен ақыл-ойды бейнелеуге арналған ментальды карталар жасауға арналған. Мұнда аудио файлдар, графикалық кескіндерді қосуға және өзгертуге болады. Мысалға 8 сынып география оқулығында «Атмосфера» бөлімшесінде «Климат түзуші факторлар» тақырыбына осындай ментальды карталар жасауға болады [10].

Айта кету керек бұл технологиялардың барлығын бір сабақта бірдей қолданып оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын жоғалтып алуға болмайды. Сол үшінде мұғалім өзі саралап, нақты тақырыпты аша алатын, оқушылардың ойын басқа жаққа аударып жібермейтіндей, уақыт межесінен аспайтын, оқушыларға түсінікті, сабақты жан-жақты сипаттай алатын, оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп, осы аталғандарды басшылыққа ала отырып, күнделікті сабаққа қажетті бейне материалдарды жинақтау қажет [11].



Сурет 3 – Ментальды карта

Қорытынды

Қорытындылай келе бейне үзінділерінің көмегімен оқушылардың кез келген физикалық құбылыстар мен ерекшеліктердің пайда болу себептері туралы білімі мен түсінігін кеңейту, тереңдету мүмкіндігі ие болып отыр. Оқытушы бейнематериалдарды мектеп бағдарламасының талаптарына сай байланыстыра отырып сабақтың барлық кезеңінде қолдана алады. Бейне материалдарды оқушылардың сабаққа деген танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында қолдануды талдай отырып келесідей қорытындылар жасауға болады:

- Оқушылардың оқу үрдісіне деген ынтасы мен танымдық белсенділігін арттырады;
- Оқушылардың жаңа материалды түсіну кезіндегі өздері фильмдерді қолдануға деген ұмтылысын күшейтеді;
- Сабақта психологиялық жағдаймен қатар, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсарта түседі;
- Оқу үрдісінің тиімділігі мен нәтижеге бағытталуын арттырады.

Осы аталғандар география сабағындағы оқу үрдісінің тиімділігі мен оқушылардың пәнге деген ынтасын айтарлықтай арттыруына өз үлесін тигізеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // «Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 15 желтоқсандағы № 828–831.

2 География сабағында бейне материалдарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде [Электрондық ресурс]. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/geografiya/library/2018/11/08/statya-ispolzovanie-videomaterialov-na-urokah-geografii-kak>

3 **Выготский, Л. С.** Современная культурно-историческая психология: Проблемы развития личности в изменчивом мире УО «Гомельский государственный университет им. Ф. Скорины», 2014. – 330 с.

4 **Бизяева, Н. В.** Информационно-компьютерные технологии на уроке окружающего мира // Журнал – 2009. – № 2. – С. 48–50.

5 **Баранский, Н. Н.** Методика преподавания экономической географии / Н. Н. Баранский. – методический материал. Изд. 2-е, перераб. – 1990. – 304 с.

6 **Барешева, Ю. Г.** Использование средств обучения в преподавании географии / Ю. Г. Барешева, М. Б. Вестицкий, Т. В. Григорьева. – 1999. – 159 с.

7 **Вестицкий, М. Б.** Технические средства в обучении географии пособие для учителя / М. Б. Вестицкий. – 1977. – 144 с.

8 **Голов, В. П.** Средства обучения географии и условия их эффективного использования / В. П. Голов. – 1987. – 222 с.

9 **Ермилова, Е. Б.** Визуализация процесса обучения и развития творческих способностей / Е. Б. Ермилова. – 2002. – № 3. – С. 67–71.

10 Ментальды карта [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.mindmeister.com/1658530067#>.

11 **Никонов, О. В.** Функция учителя географии в условиях применения компьютерных технологий / О. В. Никонов. – 2010. – № 5–6. – С.104–110.

REFERENCES

1 «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettin jaña sаяsi baғыtu» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti – elbasy N. Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaуy [«Strategy «Kazakhstan-2050» – a new political direction of the established state» President of the Republic of Kazakhstan – President Nursultan Nazarbayev’s Address to the People of Kazakhstan] «Egemen Qazaqstan». – 2012 jylғы 15 jeltoqsandaғы. – № 828-831.

2 География сабағында бейне материалдарды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру құралы ретінде [The use of video materials in geography lessons as a tool to increase the cognitive activity of students] [Electronic resource]. – URL: <https://nsportal.ru/shkola/geografiya/library/2018/11/08/statya-ispolzovanie-videomaterialov-na-urokah-geografii-kak>

3 **Vygotskii, L. S.** Современная культурно-историческая психология : Problemy razvitiya lichnosti v izmenchivom mire [Modern cultural and historical psychology :

Problems of personality development in a changing world]. – УО «Gomelskii gosudarstvennyi universitet im. F. Skoriny». – 2014. – 330 p.

4 **Bizyaeva, N. V.** Informacionno-kompternye tehnologii na uroke okrujaego mira [Information and computer technologies in the lesson of the world around us]. In Jurnal. – 2009. – № 2. – P. 48–50.

5 **Baranskii, N. N.** Metodika prepodavaniya ekonomicheskoi geografii [Methods of teaching economic geography] metodicheskii material Īzd. 2-e, pererab. – 1990. – 304 p.

6 **Baryseva, G.** Īspolzovanie sredstv obucheniya v prepodavanii geografii [Use of means of teaching geography]. G. Baryseva, M. B. Vestiskii, T. V. Grigoreva. – 1999. – 159 p.

7 **Vestiskii, M. B.** Tehnicheskie sredstva v obuchenii geografii posobie dlya uchitelya [Techniques for teaching geography manual for teachers]. M. B. Vestiskii. – 1977. – 144 p.

8 **Golov, V. P.** Sredstva obucheniya geografii i usloviya ih effektivnogo ispolzovaniya [Means of studying geography and conditions of their effective use] V. P. Golov. – 1987. – 222 p.

9 **Ermilova, E. B.** Vizualizasiya prosessa obucheniya i razvitiya tvorcheskikh sposobnostei [Visualization of the learning process and the development of creative abilities] E. B. Ermilova. – 2002. – № 3. – P. 67–71.

10 Mentaldy karta [Mental map] [Electronic resource]. – URL: <https://www.mindmeister.com/1658530067#>.

11 **Nikonov, O. V.** Funktsiya uchitelya geografii v usloviyah primeneniya kompternykh tehnologii [The function of a geography teacher in the application of computer technology] O. V. Nikonov. – 2010. – № 5–6. – P. 104–110.

Материал 10.12.21 баспаға түсті

*М. Ж. Ақишева¹, Д. М. Боранкулова²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.21.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ В ФОРМИРОВАНИИ ОСНОВНЫХ ИНТЕРЕСОВ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ГЕОГРАФИИ

Основные цели системы образования – формирование разносторонней творческой личности с высокими познавательными интересами. Чтобы воспитать такую личность, необходимо развивать у учащихся способность мыслить самостоятельно. Интерес к познавательному процессу может вдохновить учеников на любое занятие и творческую деятельность. Особое внимание следует уделять методам, инструментам и формам обучения, которые стимулируют познавательную деятельность, повышают интерес к предмету и способствуют повышению качества обучения.

В настоящее время обществу важно быть в курсе глобальных информационных процессов, исходя из его информационного характера, поэтому отношение к формам и методам обучения начало меняться. Информатизация обучения и использование информационных технологий в образовательном процессе становится одним из важнейших вопросов в системе образования. Сегодня обществу очень важно воспитать в принятии решений инициативных, творческих и смелых людей. Чтобы воспитать такую личность, необходимо развивать у учащихся способность мыслить самостоятельно. Ожидается, что они смогут самостоятельно организовать процесс усвоения необходимой информации. Ожидается, что, если мы сможем развить их на достаточном уровне у студентов, они смогут самостоятельно приобретать новые знания, навыки, самостоятельно организовывать процесс получения необходимой информации.

Ключевые слова: познавательный интерес, познавательный процесс, информационная природа общества, информатизация обучения, инициативность, независимая организация.

**М. Ж. Akisheva¹, D. M. Borankulova²*

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 10.12.21.

THE USE OF VIDEO MATERIALS IN THE FORMATION OF STUDENTS ' CRITICAL INTERESTS IN GEOGRAPHY LESSONS

The main goals of the education system are the formation of a versatile, creative individual with high cognitive interests. To cultivate such an individual, it is necessary to develop students' ability to think independently. Interest in the cognitive process can inspire students to any lesson and creative activity. Particular attention should be paid to methods, tools and forms of education that stimulate cognitive activity, increase interest in the subject and contribute to improving the quality of education.

Nowadays, it is important for society to keep abreast of global information processes on the basis of its informational nature. Therefore, attitudes towards forms and methods of education have begun to change. Informatization of teaching and the use of information technology in the educational process is becoming one of the most important issues in the education system. Today it is very important for the society to bring up enterprising, creative and courageous people in decision-making. To cultivate such an individual, it is necessary to develop students' ability to think independently. It is expected that if we can develop these at a sufficient level in students, they will be able to independently acquire new knowledge, skills, independently organize the process of acquiring the necessary information.

Keywords: cognitive interest, cognitive process, informational nature of society, informatization of education, initiative, independent organization.

Теруге 10.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

5,63 Мб RAM

Шартты баспа табағы 33,3.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3855

Сдано в набор 10.12.2021 г. Подписано в печать 29.12.2021 г.

Электронное издание

5,63 Мб RAM

Усл.п.л. 33,3. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3855

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz